



Ақмешіт

22 мамыр
сенбі

№40 (1742)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА

ОТЫЗ ЖЫЛДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІС

Өткен ғасырдың 90 жылдары еліміз егемендігін алып, жаңа өмірді бастаған кез еді. Енді тік тұрып келе жатқан мемлекеттің алдынан біраз қиындықтар да кездесті. Елдегі дағдарыс халықты есенгіретіп, экономикаға ауыр соққы болды. Еңсесін енді тіктеген ел өзінің сан-саласын нығайтуға, құлдыраудан аман алып қалуға міндетті еді. Себебі еліне сенетін халық, туған жері үшін еңбектенетін азаматтар бар. Міне, сол себепті Қазақстан бұл қиындықтарды жеңіп шығуға тиіс болатын. Осы орайда аймақтағы ауыл шаруашылығы саласы туралы қалам шертуді жөн көрдік. Себебі бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдары сала да біраз тұралап қалғаны жасырын емес.



Сыр өңірі бүгінде ауыл шаруашылығы өнімін тек Қазақстанда емес, шетелге де экспорттап жатыр. Күріш егуде көш бастап тұрған аймақ дикандары тынбай еңбек етіп келеді. Жыл сайын тонналаған астық қамбаға құйылып, өңір экономикасына орасан зор табыс алып келуде. Мал басын көбейтуде Қызылорда өңірі өзгелерден қалыс қалған жоқ. Десе де сол бір 90 жылдардағы қиындық

аймақтың ауыл шаруашылық саласына да салқынын тигізді. Ол уақыттағы күрмеуі көп мәселе бізге беймәлім, әрине. Сол себептен бұл саланың сол кездегі келбетін сала ардагері, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының кеңесшісі Омархан Пашкеновтен білдік: «Кенес үкіметі құлап, Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанған кезде

сала мамандары біраз қиындық көрді. Ең алдымен, сол кездегі ірі шаруалар өзара кіші шаруашылық болып бөлініп кетті. Байлаша айтқанда, трактордың дөңгелегін бір адам, кабинасын бір адам алды. Оның үстіне жанар-жағармайдың да бағасы қымбаттап, ал еккен егіннің өнімі керісінше арзанға сатылды. Нәтижесінде дикандардың еңбегі өз-өзін ақтамай жатты. Осылайша шаруалар

тоқыраудың алдында тұрды. Мал басы да азая бастады. Жердің құнары да нашарлап, еккен егін қурап кеткен, шықпай қалған кездер болды. Мысалы, сол кезде 1 гектардан 30 центнерге жетер-жетпес өнім алатын. Қазір гектарына 60 центнер өнім алып отырмыз», – дейді сала ардагері.

4 БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Халық үшін қолайлы бастама



Заман ағымына сай мемлекеттік қызмет түрлері цифрлы нұсқаға ауысып, азаматтардың қажетті қызметке қол жеткізуі айтарлықтай жеңілдеген. Бұл бағытта үкімет көптеген электронды бағдарлама мен қосымшаларды жарыққа шығару арқылы саланың жүгін жеңілдеткен еді. Сондай маңызды жобаның бірі – «Өтініш» ақпараттық жүйесі. 19 мамыр күні ҚР Президентінің көмекшісі – ҚР Президенті Әкімшілігінің өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Тамара Дүйсенова мен ҚР ЦДИАӨ Мемлекеттік қызметтер комитетінің төрағасы Дәулет Бекманов өңірмізге іссапармен келді. Оның шаһардағы бірқатар мемлекеттік нысанды аралап, жаңа жүйенің жұмыс механизмін түсіндірді.

2 БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

Қала тұрғындарына сонау Кенес заманынан бері қызмет етіп келе жатқан мекемелер жетерлік. Тарих арнасының кейбір тұсында тоқырауға түсіп, одан қайта құрылып, ел игілігіне жараған мекеменің бірі – көпбейінді қалалық аурухана. Іргесі 1977 жылы қаланған аурухана содан бері басы ауырып, балтыры сыздаған қаншама жаңға шипа берер бірден-бір орынға айналған.



ТӨВЕНДІ ЕМШІСІ, ЖАННЫҢ АРАШАСЫ

Емдеу мекемесінің өткен тарихына үйілесек, 1977 жылы құрылған аурухана 20 жылдай мемлекеттің меншігінде болса, 1997 жылдан бастап «Денсаулық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне айналып, ондағы төсек орын саны да, қызметкерлер де қысқартылған екен. Содан 2008 жылға дейін 95 орынды ауруханада 162 маман жұмыс істеген.

Қалалық аурухананың жаңаша сипат алға түсуі 2008 жылдың наурыз айынан басталады. Сол

жылы облыс әкімінің шешімімен емдеу орны мемлекет меншігіне өтіп, 160 орындық «Қызылорда қалалық ауруханасы» ретінде қайта құрылады. Аурухананың мемлекеттік мекемеге айналғаны, төсек-орынның көбеюі мен қажетті мамандардың толығына қала жұртшылығын қуантқаны рас. Еміне дауа іздеген науқастар ендігі материалдық базасы жаңартылған, заманға сай жөндеу жүргізілген ауруханада ем алатын болды.

2 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жексер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08



Облыстық денсаулық сақтау басқармасының 21 мамырдағы мәліметі бойынша өңірде 36 адам коронавирус жұқтырған. Оның 21-і Қызылорда қаласында. Анықталған 36 жағдайдың 23-і симптомды болса, 13 адамда ауру белгілері байқалмаған. Вирус жұқтырғандардың 16-сы инфекциялық стационарға жатқызыла, 20 азамат үй жағдайында бақылауға алынған.

COVID-19: Жансақтау бөлімінде 44 науқас жатыр

Одан бөлек 20 мамырда аймақта 53 науқас емделіп шығып, ол эпидемиологиялық маусым басталғалы 5984 адамды құрады. Яғни вирус жұқтырғандардың 92,1 проценті бүгінде жазылып шыққан. Өңірдегі инфекциялық стационарда қазіргі таңда 365 науқас жатқызылып, жүктеме көрсеткіші 39,2 процентті құрап отыр. Сондай-ақ жүктемесі 38 процентті құраған реанимациялық төсек-орында 44 науқас бар.

20 мамырда зертханаларға барлығы 1424 сынама тапсырылып, 1027 тест зерттеуден өткен. 397 сынамамен мамандар әлі жұмыс жасап жатса, қалдық тест саны 15099-ды құрайды. Эпидемиологиялық маусым басталғалы барлығы 339 877 сынама алынған. Вакциналау маусымы кезінде 20 мамырда Қызылорда өңірінде 280 тұрғынға «Covid-19» вирусына қарсы екпенің I компоненті егілген. I ақпан мен 20 мамыр аралығында облыстың 79 мыңға жуық тұрғыны вакцина салдырған. Ал 20 мамырда вакцинаның егілген II компоненті бойынша 970 Спутник V, 167 QazVac-in және 10 NauatVax құрады. Ал I ақпанда басталған вакциналау науқанынан бері 22584 адам екпенің II компонентін салдырған.

«Ақмешіт-ақпарат»

4 БЕТТЕ

ҚАЗАҚСТАН

ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



ӘБИГЕР

ӘЛЕМ



ҮНДІСТАНДАҒЫ АЛАПАТ

Дүйсенбіде Үндістанда бұған дейін болмаған қатты дауыл басталып, ол мемлекеттің батыс жағалауына дейін жетті. Табиғи апат салдарынан елдегі денсаулық сақтау мамандары вирустан зардап шеккен кей аймақтарға көмектесе алмай отыр. Орын алған оқиғаға байланысты CNN арнасының тілшілері Джессе Енг пен Эша Митра «Үндістан Covid зардабынан кейін бұған дейін батыс жағалауда болмаған циклоннан зардап шегуде» деген тақырыпта арнайы сюжет дайындады.



Тілшілердің хабарлауынша, 3-санааттағы жоғары дауыл саналатын Тауктае тропикалық циклоны Араб өзенінен басталып, түнгі уақытта жағалауға жеткен. Жел күшейіп, сағатына 205 шақырым жылдамдықпен батыс шатқа келіп түйіскен. Бұл туралы АҚШ-тың тайфун туралы ескерту орталығы хабарлады.

Үндістанның метеорологиялық департаменті (УМД) сейсенбі күні таңғы уақытта жел «өте күшті циклондық дауылдан» «күшті циклондық дауылға» дейін әлсірегенін хабарлаған.

Бағдарламадағы сурет пен бейнелерден көлік жолдары жабылғандықтан суреттен суретке, ағаштар мен электр бағандары желдің күшінен құлап қалғанын көруге болады. Штаттың әкімшілігі таратқан ақпаратта жағалауға жақын орналасқан Гуджарат, Керала, Карнатака, Гоа мен Махараштра штаттарында дауылдан кем дегенде 26 адам мерт болды делінген. Ал табиғи апаттарды басқару департаменті адамдардың көбісі суға бату, қираған үйлердің астында қалу, найзағай секілді табиғи залалдан қайтыс болды делді.

Тілшілер бұл табиғи апаттың үндістандықтар коронавирустың екінші толқынымен күресіп жатқан кезде орын алғаны қиындық туғызғанын да тілге тиек етті. Соның аптада вирус жұқтырғандар саны кемігенмен, індеттен қайтыс болғандар саны әлі де өсіп жатқанын вирустық кризистің бітуі әлі ерте екенін әсіресе медициналық құралдар мен дәрі-дәрмек жеткіліксіз, шалғай аумақтарда ахуал күрделі екені де айтылады.

Циклон туралы ескерту берілген тұста эвакуацияланған тұрғындар коронавирус жұқтырған науқастармен бірге болған. Штат басшылары берген мәліметте Мумбайдағы коронавируспен күреске арнап ашылған ауруханадағы 580-ге жуық науқас өзге қарапайым емханаларға ауыстырылған. Тілшілер бұл өз кезегінде вирус жұқтырғандар санының артуына себеп болуы мүмкін деп тошықпайды.

Қазіргі кезде Үндістан эпидемия бойынша әлемдік эпицентр атанғаны рас. Мемлекеттің денсаулық сақтау саласы «сыр беріп», күн сайын адамдар дәрі мен оттегі жетіспеуінен көз жұмуда. Сыртқы және ішкі сығна ұшыраған мемлекеттің үкіметі әлі де болса вирустың алдын алуға бар күшін салуда.

Сонымен қатар мақала авторлары бұл циклонның бірнеше айға созылатын муссондық желдің әсерінен болатын табиғи апаттың ескертуі болуы әбден мүмкін деп тұжырымдайды.

Арнайы хабарда оқиғаға байланысты биліктің берген ақпараты да орын тапқан. Штат министрі Виджай Рупани: «200 мыңға жуық халық Гуджараттан өзге аймаққа эвакуацияланды. 2435 ауыл желдің кесірінен жарықсыз қалып, бүгінде 484 ауылда жарық қалпына келтірілді», – делі дүйсенбідегі мәлімдемесінде.

УМД биіктігі 13 футқа (4 метр) жететін жел үлкен су басуға алып келетінін ескертті. Одан бөлек департамент Гуджарат штатындағы халық ең көп шоғырланған Ахмадабадта келесі 24-48 сағат арасында 102 мм жуық жауын-шашын түсуі мүмкін екенін хабарлады.

Керала мен Карнатака штаттарының бас министрі тұрғындардың үйлері зардап шеккендіктен олар көмек лагерлеріне қарай қоныстанып жатқанын айтты.

Оқиғаға байланысты табиғи апат кезінде көмектесетін күш құрылымы 100-ден аса топ құрып, зардап шеккен аймақ тұрғындарына көмекке аттанған. Үндістан әскері де оқиға орнынан табылып, Мумбай жағалауындағы мұнай-кен орны тұсында батқан кемеден 177 адамды құтқарған.

Бұл табиғи апат Covid-19 вирусымен күресуге кері әсерін тигізіп жатыр. Министр В.Рупанидың айтуынша, апат әсерінен ауруханаларда электр жарығы сөніп қалған. Қосалқы генератор болғанымен, екі мекемеде олар істен шығып, науқастарға көмектесу қиынға соққан. Билік генераторды жөндеу жұмыстарымен айналысып жатыр, бірақ Гуджаратта әзірге вакциналау тоқтап тұр. Оның үстіне бұл штатта оттегі толтыру жүзеге асырылады, алайда апат әсерінен өзге штаттарға жеткізу оңай болмай тұр.

ШЫРАҒДАН



БАҒДАРҒЫ АЙҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

Талантты оқушыларды топтастырып, халықаралық талапқа сай білім беру мақсатында 2009 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектептері ашыла бастады. Елбасы бұл білім ордаларының қызметіне ерекше мән беріп келеді. Елбасы жоғары бағалаған білім ордаларының бүгінгі тыныс-тіршілігін білу мақсатында Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебіне арнайы ат басын бұрған едік. Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2013 жылдың 30 тамызында ашылған НЗМ желісіндегі 15-ші білім ордасы. Ашылған күннен бастап 2016 жылға дейін Гүлмира Мүңкеева мектеп директоры қызметін атқарды. 2016 жылдың тамызынан бастап Бақыт Жұматай басшылық жасап келеді.



арқылы зияткерлік мектеп оқушысының ойлау кеңістігі, танымдық көкжиегі мен қарым-қатынас жасау дағдысы айтарлықтай жоғары болатыны анық. Сондықтан қазақстандық жастар кәріс, неміс, француз, қытай және испан тілдерін жетік меңгеріп келеді. Тіл үйренуді Назарбаев мектебі жүйелі жолға қойған.

Биылғы оқу жылында 95 түлек мектепті бітіреді. 2013-2020 жылдар аралығында мектепті барлығы 641 оқушы бітірді. Бітірушілерден 11 түлек «Алтын белгі» иегері болса, 47 түлек «Үздік аттестат» алған. 102 түлек Назарбаев Университетінде, 42 түлек Италия, Чехия, Германия, Түркия, Гонконг, Оңтүстік Корея, Қытай, Венгрия, Ресей мемлекеттерінің жоғары оқу орындарында, 497 бітіруші еліміздің белделі университеттерінде грант негізінде білім алуға.

2014 жылы мектеп оқушылары А.Абдраман, А.Шәкірбай академик А.Жұмаділдаев атындағы сыйлыққа арналған байқаудың жеңім-



МЕКТЕПТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫ

Білім ордасы 720 оқушыға есептелген. Оқушылардың заман талабына сай білім алуы үшін 132 орындық жатақхана, 360 орындық асхана, 360 адамға лайықталған мәжіліс залы, медициналық кабинет, 63 оқу сыныптары мен 3 спорттық зал қарастырылған. Мектеп биология, химия, нанотехнология және биотехнология ғылымдары бойынша теория мен тәжірибе ұштастыратын заманауи кабинеттермен жабдықталған. Қазақ, орыс жазушыларының, шетел әдебиеті классиктерінің көркем шығармалары мен оқырмандардың жеке тұлғалық дамуына ықпал ететін суранысқа ие әйгілі бестселлер және пән бойынша қосымша оқу ресурстары жинақталған 27 мыңнан астам кітап қоры бар кітапхана оқушылар мен мұғалімдер игілігі үшін қызмет етуде.

КӘСІБИ БІЛІМ ОРДАСЫ

Зияткерлік мектеп қазақстандық және шетелдік үздік тәжірибемен ұштастырылған академиялық терең білімді қалыптастыруға, пәндердің кіріктірілуіне және кең ауқымды дағдыларды дамытуға бағытталған NIS-Program бағдарламасы негізінде білім береді. Екінші шетел тілі ретінде корей, француз, неміс, кәріс, қытай тілдерінен арнайы қосымша сабақтар жүргізіледі. Оқушылардың жеке қызығушылықтарына сәйкес барлығы 45 қосымша білім беру үйірмесі бар. Онда телестудия, фотостудия, спорттық секциялар, киіз басу, киім дизайны, сублимация, топиарий, ағаш ою, вокал, халық аспаптар оркестрі жұмыс жасайды. Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту, оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған 28 пәндік элективті курстар ұйымдастырылған.

ҰСТАЗЫ МЫҚТЫНЫҢ...

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» демекші, зияткерлік мектептегі білім берудің жанашыл үлгісін көрсетіп жүрген мұғалімдер бар. Білім мен тәрбие – егіз ұғым. Білімді шәкірт тәрбиелейтін ұстаз біліктілігі – мектептің басты критерийі. Олардың қатарында білім беру бағдарламалары мен оқулықтарын құрастырушылар да бар. Халықаралық және республикалық деңгейдегі курстардан тәлім алу арқылы олар педагогикалық шеберліктерін шыңдап отырады. Үш мұғалім «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлектері болса, екі мұғалім осы бағдарлама бойынша оқуын жалғастыруда.

Қазіргі таңда мектепте 131 пән мұғалімі, шетелдік 3 педагог, 53 педагогикалық қызметкерге теңестірілген мамандар еңбек етуде. Педагог қызметкерлердің 8-і Назарбаев Университетінің магистрі, 3 қызметкер

«Б.Алтынсарин» және 1 мұғалім «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. Ал 10 педагог ҚР БҒМ-ның «Құрмет грамотасы» және «Алғыс хаттармен» марапатталды. 2018 жылы мектеп кураторы Г.Шынтасова «Bilim Media Group» компаниясы ұйымдастырған республикалық «Жанашыл мұғалім – 2018» байқауында тәрбие саласындағы озық тәжірибесімен бас жүлдені иеленген. 2016-2018 жылдары «Үздік педагог» республикалық конкурсында білім саласындағы үздік еңбектері үшін мектеп мұғалімдері Ж.Әжібаева мен Д.Мұнарбаева жеңімпаз атанып, 2,5 миллион теңге сыйақыға ие болған.

2019 жылы Германияның Гамбург қаласында өткен білім беру саласындағы зерттеушілердің халықаралық конференциясында 4 мұғалім өз жұмысын қорғаған.



ОҚУШЫЛАРЫ СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Назарбаев зияткерлік мектебіне оқушылар конкурстық негізде, қатаң талаптармен қабылданады. Бұл мектеп басқа мектептерден ерекше. Ерекше деуіміздің бірнеше себебі бар. Алдымен айтармыз, мұнда мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік дегендей, ең талантты шәкірттер оқиды. Алайда оңірдің әр мектебінде, әр ұстаздан дәріс алған оқушылар Назарбаев зияткерлік мектебіне бірден қабылдана қойған жоқ. Озық білім жүйесімен сусындап, тәлім мен тәрбиені қатар ұштастыруға, жанаша даму жүйесіне бейімделуге түрткі болатын мектепте оқу әр баланың арманына айналды. Көп тіл білу



паздары атанды. 2014 жылы А.Сыздық, А.Алайдар, Д.Бағдат, С.Өмірбайдың кәсіби бағдар беру сайт жобасы «Атамекен-стартап» республикалық бизнес идеялары байқауында үздік деп танылды. 2017 жылы Қ.Мақсат химия пәні бойынша «Қызылорда облысының Үздік жас зерттеуші» номинациясын иемденді. 2019 жылы А.Әбдіжәміл «Жас ерікті», А.Әбүтәліпова «Жас ақын», Д.Райымбек «Жас эколог» номинацияларына ие болды. 2019 жылы 11-сынып оқушысы Д.Денев Теміртау қаласында өткен XII Президенттік олимпиадада қола медальмен марапатталды. 2020 жылы 11-сынып оқушысы Ә.Алтынбасов «IESO 2020» олимпиадасының республикалық кезеңінде жеңімпаз атанып, Ресей Федерациясының Тюмень қаласында өтетін халықаралық байқауға жолдама алды. Биылғы оқу жылы 9-сынып оқушысы Жанар Сабахан қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы атындағы төртінші республикалық қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасында II дәрежелі дипломмен марапатталды. Биыл «Сахнада неміс тілі» атты VI жастар театры фестивалінде қызылордалық оқушылар «Ең үздік бейнеконцепция» номинациясында үздік деп танылса, Гетте-институтының бастамасымен өткізілген неміс тілінен республикалық олимпиадада 11-сынып оқушысы Толғанай Жағыпар 2-ші орынды иеленген.

– Мектеп жанындағы «Самға» би тобы Лондонда өткен халықаралық шығармашылық фестивалінде 1-орын иеленді. Ал 11-сынып оқушысы Баян Сарibaева Польшаның «DIGI-TALENTY. JESIEN-2020» халықаралық фестивалінде жеке орындауға ерекшеленіп, бірінші дәрежелі диплом иегері атанды. Қызылорда қаласындағы NIS-тің 7 шәкірті «Елбасы медалі» жобасының қола медаліне қол жеткізді. Мұнымен қоса мектепте еңбек ететін ұстаздар қауымы да биік белестерден көрініп жүр. Олар шетел мамандарымен тәжірибе алмасып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға, – дейді білім ордасының директоры Жұматай Бақыт.

2013 жылы Нұрсұлтан Назарбаев ұжыммен кездесіп, озық технологиялармен жабдықталған мектепте оқытудың ұлттық және халықаралық үздік тәжірибелерін қолдану арқылы оқушылардың жан-жақты, интеллектуалды дамуына ықпал ететін сапалы білім беру міндетін жүктелді.

«Ел мен елді, халық пен халықты ұлт пен ұлтты теңестіретін – білім» деген еді Мұхтар Әуезов. Иә, білім бәсекесі басты орынға шыққан XXI ғасырда әркім өз әлімше білім теңізіне бойлап, тұнығына шөл қандырғысы келетіні хақ.

Жарасхан
ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ



